

"Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 149 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 8 қазанда № 17504 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 40 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.04.2021 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 149 бұйрығына (2018 жылғы 20 сәуірде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16787 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 27 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингісін жүргізу жөніндегі әдістемеді:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мен "Экономикалық зерттеулер институты" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Институт) арасында жасалған шарт негізінде Қазақстан Республикасының өңірлерінде рейтинг жүргізу бойынша зерттеу жүргізіледі, ол мынадай 2 кезеңді қамтиды:

1) Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі рейтинг әдіснамасының имплементациясы, бұл ретте:

осы Әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, аудандар респонденттерінің іріктемесіне сәйкес өңірлерде кәсіпкерлерге пікіртерім жүргізу арқылы далалық зерттеу жүргізу;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № 590 Жарлығымен бекітілген Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингінің нәтижелері бойынша арнайы сыйлық беру қағидаларына сәйкес осы Әдістемеді пайдаланылатын статистикалық деректерді жинақтау жүргізіледі.

2) пікіртерімдік және статистикалық деректердің нәтижелері бойынша облыстарды, Астана, Алматы және Шымкент қалаларын және жеке аудандарды бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша саралау (рейтингіні дайындау) рейтингісі бойынша қорытынды шығарылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Рейтинг екі деңгейге бөлінеді:

14 облыс пен Астана, Алматы және Шымкент қалаларын салыстыру;

162 ауданды салыстыру.";

10-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес облыстар және Астана, Алматы және Шымкент қалалары, аудандарға арналған статистикалық көрсеткіштерді таратып жазу бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салулар жіберу арқылы алынған статистикалық деректер ақпарат көздері болып табылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін пайдаланылатын статистикалық деректер:

1) шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілерінен түсетін салық аударымдары көлемінің базалық 2015 жылға қарағанда өсу индексі;

2) есепті кезеңдегі шағын, орта кәсіпорындардың негізгі капиталына салынатын инвестициялардың өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны;

3) есепті кезеңдегі шикізаттық емес сектор кәсіпорындарының негізгі капиталына салынатын сыртқы инвестициялардың өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны;

4) ШОК субъектілерін қолдауға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат көлемінің өсу қарқыны;

5) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК-та жұмыспен қамтылғандар санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

6) есепті кезеңдегі ШОК субъектілерінің өнім шығаруының өткен жылмен салыстырғандағы нақты мәніндегі өсу қарқыны, пайызбен;

7) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының өткен жылмен салыстырғандағы өсу қарқыны, пайызбен;

8) заңды тұлғалар үшін мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесінің өсу қарқыны;

9) 1000 жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілеріне келетін тексерулер санының өсу қарқыны;

10) 1000 ШОК-қа келетін ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен

мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша жеңіп шыққан сот істері санының өсу қарқыны;

11) республикалық бюджет есебінен ШОК өндіріс көлеміне қатысты ШОК-ты мемлекеттік қолдау көлемінің өсу қарқыны;

12) 1000 ШОК-қа келетін мемлекеттік көмек (гранттар, кепілдіктер, кредиттер, субсидиялар, инфрақұрылым шығындары) алған жобалар санының өсу қарқыны;

13) техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі-ТжКБ) ұйымдарының (педагогикалық ұйымдардан басқа) түлектер санының өсу қарқыны.

Аудандар үшін пайдаланылатын статистикалық деректер:

1) ШОК-тан түсетін салық аударымдары көлемінің базалық 2015 жылға қарағандағы өсу индексі;

2) есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны;

3) 100 жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілеріне келетін тексерулер саны;

4) 100 ШОК-қа келетін ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша жеңіп шыққан сот істерінің саны.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін қорытынды рейтингілік балды есептеу облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының статистикалық деректерінің және облыстар, аудандар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының пікіртерім деректері негізінде қалыптастырылады.

Аудандар үшін қорытынды рейтингілік балды есептеу аудандардың статистикалық деректері мен аудандардың пікіртерім деректерінің негізінде қалыптастырылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. "Реттеушілік ахуал" факторы бойынша бағалау алты қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. ЖАО жұмысының тиімділігі:

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің тиімділігі

;

елді мекендегі әкімдіктің тиімділігі.

2-қосалқы фактор. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы:

мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың таралуы.

3-қосалқы фактор. Тексерулер:

тексерулердің жиілігі.

4-қосалқы фактор. Лицензиялар мен рұқсаттар:

мемлекеттік органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттарды алу;
табиғи монополиялар субъектілерінен барлық рұқсаттарды алу.

5-қосалқы фактор. Құрылыс:

жер учаскесінің нысаналы мақсатын алу немесе өзгерту;

инженерлік желілерді қосу үшін сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды алу рәсімі;

техникалық төлқұжат алу рәсімі;

объектіге құқықты тіркеу рәсімі;

құрылыс процесінде мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің (инспекциялар) жиілігі.

6-қосалқы фактор. Коммуналдық желілер:

объектілерді инфрақұрылым желілеріне қосу үшін қаржылық шығындар;

коммуналдық қызметтер жұмыстарының сапасы;

коммуналдық қызметтер тарифтері.

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$F1=P1+P2+P3+P4+ P5+P6,$$

мұнда:

F1 – "Реттеушілік ахуал" факторы бойынша жалпы баға;

P1 – 1-қосалқы фактор. ЖАО жұмысының тиімділігі;

P2 – 2-қосалқы фактор. Сыбайлас жемқорлықтың таралуы;

P3 – 3-қосалқы фактор. Тексерулер;

P4 – 4-қосалқы фактор. Лицензиялар мен рұқсаттар;

P5 – 5-қосалқы фактор. Құрылыс;

P6 – 6-қосалқы фактор. Коммуналдық желілер.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. "Қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі" факторы бойынша бағалау екі қосалқы фактор бойынша жүзеге асырылады:

1-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың ашықтығы:

облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдіктерінің қабылдау үшін ашықтығы;

елді мекендегі әкімдіктің қабылдау үшін ашықтығы;

жүргізілетін реформаларды талқылау және ықпал ету мүмкіндігі;

жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының жиілігі.

2-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың сенімділік және араласу деңгейі

:

сот жүйесіне сенімділік деңгейі;

құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі;

кәсіпкерлік қызметке араласу (рейдерлік) деңгейі.

Факторды есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$F5=S1+S2,$$

мұнда:

F5 – "Қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі" факторы бойынша жалпы баға;

S1 – 1-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың ашықтығы;

S2 – 2-қосалқы фактор. Мемлекеттік органдардың сенімділік және араласу деңгейі.";

Осы Әдістемеге 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ, ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 16 бұйрығына
1-қосымша
Бизнесті жүргізу жеңілдігі

бойынша өңірлер мен қалалар
рейтингісін жүргізу жөніндегі
әдістемеге 1-қосымша

Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, аудандар респонденттерінің іріктемесі

№	Елді мекен	Бас жиынтық (жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны)	Іріктемелі жиынтық
	Қазақстан Республикасы	1 145 994	9 524
1	Ақмола облысы	41 719	535
2	Ақтөбе облысы	50 209	552
3	Алматы облысы	109 877	605
4	Атырау облысы	42 897	538
5	Батыс Қазақстан облысы	37 111	523
6	Жамбыл облысы	58 692	565
7	Қарағанды облысы	79 276	587
8	Қостанай облысы	48 237	549
9	Қызылорда облысы	37 450	524
10	Маңғыстау облысы	47 015	546
11	Түркістан облысы	122 989	610
12	Павлодар облысы	41 311	534
13	Солтүстік Қазақстан облысы	27 587	488
14	Шығыс Қазақстан облысы	79 966	587
15	Астана қаласы	97 251	599
16	Алматы қаласы	169 985	623
17	Шымкент қаласы	54 422	559
	Ақмола облысы	41 719	535
1	Көкшетау қаласы	13 585	105
2	Степногорск қаласы	3 391	47
3	Ақкөл ауданы	1 301	21
4	Аршалы ауданы	1 226	20
5	Астрахань ауданы	1 095	18
6	Атбасар ауданы	2 392	36
7	Бұланды ауданы	1 395	23
8	Егіндікөл ауданы	557	10
9	Біржан сал ауданы	775	13
10	Ерейментау ауданы	1 399	23
11	Есіл ауданы	1 269	21
12	Жақсы ауданы	732	13
13	Жарқайың ауданы	1 092	18
14	Зеренді ауданы	1 544	25

15	Қорғалжын ауданы	516	9
16	Сандықтау ауданы	970	16
17	Целиноград ауданы	2 636	39
18	Шортанды ауданы	1 051	18
19	Бурабай ауданы	4 793	60
	Ақтөбе облысы	50 209	552
20	Ақтөбе қаласы	33 366	188
21	Алға ауданы	1 737	37
22	Әйтеке би ауданы	984	23
23	Байғанин ауданы	933	21
24	Қарғалы ауданы	910	21
25	Қобда ауданы	1 055	24
26	Мәртөк ауданы	1 546	34
27	Мұғалжар ауданы	2 614	52
28	Ойыл ауданы	746	18
29	Темір ауданы	1 610	35
30	Хромтау ауданы	2 315	47
31	Шалқар ауданы	1 829	39
32	Ырғыз ауданы	564	13
	Алматы облысы	109 877	605
33	Талдықорған қаласы	11 456	52
34	Қапшағай қаласы	4 014	28
35	Текелі қаласы	1 122	10
36	Ақсу ауданы	3 053	23
37	Алақөл ауданы	3 038	23
38	Балқаш ауданы	1 641	14
39	Еңбекшіқазақ ауданы	17 420	61
40	Жамбыл ауданы	6 621	39
41	Кербұлақ ауданы	3 104	23
42	Көксу ауданы	3 025	23
43	Каратал ауданы	2 325	18
44	Карасай ауданы	12 107	53
45	Панфилов ауданы	8 909	46
46	Райымбек ауданы	4 572	31
47	Сарқанд ауданы	2 679	21
48	Талғар ауданы	10 246	49
49	Ескелді ауданы	2 676	21
50	Ұйғыр ауданы	4 067	28
51	Іле ауданы	7 802	42
	Атырау облысы	42 897	538
52	Атырау қаласы	28 951	214
53	Жылыой ауданы	5 341	102

54	Индер ауданы	1 573	40
55	Исатай ауданы	1 331	35
56	Құрманғазы ауданы	2 076	51
57	Қызылқоға ауданы	1 059	29
58	Мақат ауданы	1 081	29
59	Махамбет ауданы	1 485	38
	Батыс Қазақстан облысы	37 111	523
60	Орал қаласы	21 957	179
61	Ақжайық ауданы	1 436	33
62	Бөрілі ауданы	3 734	72
63	Жаңақала ауданы	1 026	25
64	Жәнібек ауданы	699	18
65	Зеленов ауданы	2 191	48
66	Казталов ауданы	1 191	28
67	Қаратөбе ауданы	550	14
68	Бөкей ордасы ауданы	773	19
69	Сырым ауданы	996	24
70	Тасқала ауданы	795	20
71	Теректі ауданы	1 251	30
72	Шыңғырлау ауданы	512	13
	Жамбыл облысы	58 692	565
73	Тараз қаласы	21 350	115
74	Байзақ ауданы	4 985	57
75	Жамбыл ауданы	4 011	49
76	Жуалы ауданы	3 721	47
77	Қордай ауданы	6 637	68
78	Тұрар Рысқұлов ауданы	3 026	40
79	Мерке ауданы	4 046	50
80	Мойынқұм ауданы	1 662	25
81	Сарысу ауданы	1 702	25
82	Талас ауданы	1 829	27
83	Шу ауданы	5 723	62
	Қарағанды облысы	79 276	587
84	Қарағанды қаласы	38 532	118
85	Балқаш қаласы	3 980	43
86	Жезқазған қаласы	5 190	52
87	Қаражал қаласы	588	9
88	Приозерск қаласы	661	10
89	Саран қаласы	1 891	24
90	Сәтбаев қаласы	2 296	29
91	Теміртау қаласы	7 823	67

92	Шахтинск қаласы	2 191	27
93	Абай ауданы	2 242	28
94	Ақтоғай ауданы	1 204	17
95	Бұқар Жырау ауданы	2 427	30
96	Жаңаарқа ауданы	1 763	23
97	Қарқаралы ауданы	1 818	23
98	Нұра ауданы	1 271	17
99	Осакаров ауданы	1 561	21
100	Ұлытау ауданы	1 295	18
101	Шет ауданы	2 543	31
	Қостанай облысы	48 237	549
102	Қостанай қаласы	22 409	133
103	Арқалық қаласы	1 972	32
104	Лисаковск қаласы	1 489	25
105	Рудный қаласы	5 933	72
106	Алтынсарин ауданы	410	9
107	Амангелді ауданы	751	14
108	Әуликөл ауданы	1 327	23
109	Денисов ауданы	586	11
110	Жангелді ауданы	404	8
111	Жітіқара ауданы	1 744	29
112	Қамысты ауданы	372	7
113	Қарабалық ауданы	1 280	22
114	Қарасу ауданы	1 056	19
115	Қостанай ауданы	2 678	41
116	Мендіқара ауданы	1 039	19
117	Наурызым ауданы	420	8
118	Сарыкөл ауданы	1 169	21
119	Таранов ауданы	1 022	18
120	Ұзынкөл ауданы	714	13
121	Федоров ауданы	1 462	25
	Қызылорда облысы	37 450	524
122	Қызылорда қаласы	18 872	160
123	Байқоңыр қаласы	333	8
124	Арал ауданы	3 266	61
125	Жалағаш ауданы	1 780	38
126	Жаңақорған ауданы	3 248	61
127	Қазалы ауданы	2 963	57
128	Қармақшы ауданы	2 321	47
129	Сырдария ауданы	1 535	33
130	Шиелі ауданы	3 132	59
	Маңғыстау облысы	47 015	546

131	Ақтау қаласы	27 260	184
132	Жаңаөзен қаласы	7 257	108
133	Бейнеу ауданы	2 267	48
134	Қарақия ауданы	2 139	46
135	Маңғыстау ауданы	2 411	50
136	Мұнайлы ауданы	4 074	74
137	Түпқараған ауданы	1 607	36
	Түркістан облысы	122 989	610
138	Түркістан қаласы	12 779	59
139	Арыс қаласы	2 934	24
140	Кентау қаласы	2 953	24
141	Бәйдібек ауданы	3 484	27
142	Қазығұрт ауданы	6 435	41
143	Мақтаарал ауданы	23 899	73
144	Жетісай ауданы	-	-
145	Ордабасы ауданы	9 168	50
146	Отырар ауданы	4 023	30
147	Сайрам ауданы	13 703	60
148	Сарыағаш ауданы	19 966	69
149	Келес ауданы	-	-
150	Созақ ауданы	2 850	24
151	Төле би ауданы	7 232	44
152	Түлкібас ауданы	6 310	41
153	Шардара ауданы	7 253	44
	Павлодар облысы	41 311	534
154	Павлодар қаласы	23 683	183
155	Ақсу қаласы	2 523	53
156	Екібастұз қаласы	7 708	114
157	Ақтоғай ауданы	470	12
158	Баянауыл ауданы	1 173	28
159	Железин ауданы	661	17
160	Ертіс ауданы	889	22
161	Қашыр ауданы	846	21
162	Лебяжі ауданы	468	12
163	Май ауданы	430	11
164	Павлодар ауданы	1 112	27
165	Успен ауданы	554	14
166	Шарбақты ауданы	794	20
	Солтүстік Қазақстан облысы	27 587	488
167	Петропавл қаласы	15 077	167
168	Айыртау ауданы	1 229	31

169	Ақжар ауданы	689	18
170	Мағжан Жұмабаев ауданы	1 006	26
171	Есіл ауданы	778	21
172	Жамбыл ауданы	665	18
173	Қызылжар ауданы	1 449	36
174	Мамлютка ауданы	790	21
175	Шал ақын ауданы	867	23
176	Аққайың ауданы	649	17
177	Тайынша ауданы	1 586	39
178	Тимирязев ауданы	677	18
179	Уәлиханов ауданы	611	16
180	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан	1 514	37
	Шығыс Қазақстан облысы	79 966	587
181	Өскемен қаласы	26 424	99
182	Курчатов қаласы	468	6
183	Риддер қаласы	2 615	29
184	Семей қаласы	18 047	88
185	Абай ауданы	888	11
186	Аягөз ауданы	3 391	35
187	Бесқарағай ауданы	892	11
188	Бородулихин ауданы	1 312	16
189	Глубокое ауданы	2 273	26
190	Жарма ауданы	1 566	19
191	Зайсан ауданы	2 450	28
192	Зырян ауданы	3 166	34
193	Көкпекті ауданы	1 621	20
194	Күршім ауданы	1 633	20
195	Катонқарағай ауданы	2 121	25
196	Тарбағатай ауданы	2 829	31
197	Ұлан ауданы	1 890	22
198	Үржар ауданы	4 039	40
199	Шемонаиха ауданы	2 341	27
200	Астана қаласы	97 251	599
201	Алматы қаласы	169 985	623
202	Шымкент қаласы	54 422	559

Ескертпе:

Кәсіпкерлерге пікіртерім жүргізу үшін респонденттер іріктемесінің сенімділігі мен репрезентативтілігін объективті бағалау мақсатында репрезентативті жиынтықтарды әзірлеу мен бағалауда тәжірибесі бар жоғары оқу орындарының ("Назарбаев Университет" дербес білім беру ұйымы, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия Ұлттық университеті және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті) сараптамалық пікірлері ескерілді.

Пікіртерім аз адамға жүргізілген жағдайда, іріктеме кезінде қолданылған іріктемелік жиынтық бас жиынтықты қажетті кепілдік дәрежесімен ұсыну мүмкін болатындай етіп құрылады. Іріктеме репрезентативтілігі деңгейін анықтау үшін сенімділік ықтималдығы мен сенімділік интервалының мәндері қарастырылады.

Сенімділік ықтималдығы кездейсоқ жауаптың сенімділік интервалына қаншалықты ықтималдықпен түсетіндігін көрсетеді. Сенімділік ықтималдығы неғұрлым жоғары болса, іріктеу дәлдігі соғұрлым көбірек болады.

Сенімділік интервалы (қателік деп түсініледі) бөлу қисық сызығының бір бөлігі жауаптар түсуі мүмкін таңдалған нүктенің екі жағынан түсуін ашып көрсетеді. Сенімділік интервалы неғұрлым төмен болса, іріктеу қателігі соғұрлым төменірек болады.

95 % сенімділік ықтималдығымен және 1% сенімділік интервалымен барлық шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілері бойынша репрезентативті іріктеме айқындалған, мұнда бас жиынтық 1 145 994 субъектіні құрайды.

"Назарбаев Университет" дербес білім беру ұйымының сараптамалық қорытындысына сәйкес 200 елді мекен және Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің салалары бөлінісінде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері бойынша репрезентативті іріктеме құру шеңберінде мынадай қадамдар жасалды:

1. 95 % сенімділік ықтималдығымен және 1 % сенімділік интервалымен барлық ШОК субъектілері бойынша репрезентативті іріктеме айқындалды, онда бас жиынтық мынадай формула бойынша 1 145 994 субъектіні құрайды:

1-формула. Іріктеме өлшемі:

$$SS = (Z^2 * (p) * (1-p)) / C^2,$$

мұнда:

Z = Z факторы (95 % сенімділік интервалы үшін 1,96);

p = қызығушылық білдірген респонденттер немесе жауаптар пайызы, ондық нысанда (ұйғарым бойынша 0,5);

C = ондық нысандағы сенімділік интервалы (0,01 = ±1 %).

2-формула. Шағын бас жиынтық үшін түзету:

$$CSS = SS / (1 + (ss-1)/pop),$$

мұнда:

SS = іріктеме өлшемі;

CSS = түзетілген іріктеме;

pop = бас жиынтық.

Осылайша, 1 145 994 ШОК субъектісі бойынша репрезентативті іріктеме 9524 құрайды.

2. 95 % сенімділік ықтималдығы мен 1% сенімділік интервалы (1 және 2-формула) негізінде әрбір елді мекеннің бас жиынтығы елді мекеннің жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санына сәйкес келетін елді мекендердің репрезентативтілігі анықталды. Одан әрі әрбір өңір үшін репрезентативті сомасынан әрбір өңірдің үлесі есептеледі. Әрбір өңірге арналған осы үлесті Қазақстан Республикасының барлық ШОК бойынша анықталған репрезентативтілікке (9524) көбейту арқылы өңірлер бойынша түпкілікті іріктемені жасау үшін пайдаланылады. Осылайша, өңірлер және Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша түпкілікті репрезентативті іріктеме айқындалады:

№	Өңірлер	Өңірлер бойынша түпкілікті іріктеме
1.	Ақмола облысы	535
2.	Ақтөбе облысы	552
3.	Алматы облысы	605
4.	Атырау облысы	538
5.	Батыс Қазақстан облысы	523
6.	Жамбыл облысы	565
7.	Қарағанды облысы	587
8.	Қостанай облысы	549
9.	Қызылорда облысы	524
10.	Маңғыстау облысы	546
11.	Түркістан облысы	610
12.	Павлодар облысы	534
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	488
14.	Шығыс Қазақстан облысы	587
15.	Астана қаласы	599
16.	Алматы қаласы	623
17.	Шымкент қаласы	559
Республикалық іріктеме		9 524

3. Жекелеген елді мекеннің анықталған үлесі (3-қадам) өңірдің түпкілікті іріктемесі сомасынан елді мекеннің іріктемелі жиынтығын есептеу үшін пайдаланылады.

4. 2-қосымшада көрсетілген 17 қызмет салалары бойынша әрбір елді мекеннің бас жиынтығының үлесі айқындалады.

5. Елді мекен бойынша әрбір саланың анықталған үлесі барлық елді мекендер бойынша түпкілікті салалық іріктемені айқындау үшін пайдаланылады.

САУАЛНАМА

1-бөлім. Жалпы сипаттағы сұрақтар

1. Сіздің жасыңыз: _____
2. Жынысыңыз: 1) Ер 2) Әйел
3. Кәсіпорыныңыздың нысанын көрсетіңіз: 1) АҚ
2) ЖШС
3) ЖК
4) ШҚ
4. Кәсіпорныңыздың көлемі қандай?
1) Шағын (1-15 адам)
2) Кіші (16-100 адам)
3) Орта (101-250 адам)
5. Кәсіпорыныңызға неше жыл?
1) 1 жылдан аз
2) 1-3 жыл
3) 3-10 жыл
4) 10 жылдан көп
6. Кәсіпорыныңыздың негізгі қызмет саласы қандай?

№	Қызмет саласы
1.	Ауыл, орман және балық шаруашылығы
2.	Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді өңдеу
3.	Өңдеу өнеркәсібі
4.	Құрылыс
5.	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу
6.	Көлік және қоймалау
7.	Өмір сүру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер
8.	Ақпарат және байланыс
9.	Қаржылық және сақтандыру қызметі
10.	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
11.	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
12.	Білім беру
13.	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер
14.	Өнер, ойын-сауық және демалыс

15.	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау
16.	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау
17.	Өзге де көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну

7. Сіз сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырасыз ба?

1) Экспорт 2) Импорт 3) Жок

8. Компанияның жылдық айналымын көрсетіңіз:

1	250 000 теңгеге дейін
2	250 000 – 3 миллион (бұрын әрі – млн) теңге
3	3 млн. – 7,3 млн теңге (7 377 700 – бұл патент шегі, одан кейін жеңілдетілген салық жүйесі)
4	7,3 млн – 34 млн теңге (34 242 600 – жеңілдетілген салық жүйесінен жалпыға бірдей белгіленген салық жүйесіне өту шегі)
5	34 млн – 68 млн теңге (68 070 000 теңге – қосылған құн салығы бойынша есепке қою шегі)
6	68 млн – 300 млн теңге
7	300 млн – 680 млн. теңге
8	680 млн. – 1 миллиард (бұдан әрі – млрд) теңге
9	1 млрд теңгеден көп
10	Жауап беруден бас тартамын

2-бөлім. Факторларды бағалау сұрақтары

1-тарау. Мемлекеттік органдардың қызметін жалпы бағалау

1. Сіз үшін басымдылығы бойынша бизнесті жүргізу шарттары факторларының маңыздылығын 1-ден 5-ке дейін бағалаңыз, мұнда 5 - ең маңызды фактор және 1 - ең төмен маңызды фактор:

Фактор	Сипаттамасы	Басымдылығы
Реттеушілік ахуал	Әкімдіктер жұмысының тиімділігі, сыбайлас жемқорлық, тексерулер, құрылысқа және коммуналдық желілерге қосылуға лицензиялар мен рұқсаттар	
Инфрақұрылым	Бизнесті дамыту үшін мамандандырылған алаңдардың болуы және қолжетімділігі, көлік инфрақұрылымы	
Бизнесті мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігі	Қаржылық және қаржылық емес қолдаудың қолжетімділігі	
Адами капитал	Кадрлардың қолжетімділігі мен сапасы, кадрларды дамыту мүмкіндіктері	
Қабылданатын шешімдердің транспаренттілігі	Мемлекеттік органдардың ашықтығы, мемлекеттік органдардың түсіндіру жұмыстары, мемлекеттік органдарға деген сенімділік деңгейі	

2. Сіздің облысыңыздағы/қалаңыздағы (Астана, Алматы және Шымкент) әкімдік жұмысының тиімділігін бағалаңыз

Көмегі жоқ, тек зияны бар	Көмегі де зияны да жоқ	Аздап көмектеседі	Кейде көмектеседі	Үлкен көмек көрсетеді	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

3. Сіздің облысыңыздағы/қалаңыздағы (Астана, Алматы және Шымкент) әкімдіктің неғұрлым проблемалы басқармаларын атаңыз:

1	Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық дамыту
2	Жер қатынастары
3	Сәулет және қала құрылысы
4	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
5	Еңбек инспекциясы
6	Ауыл шаруашылығы
7	Мемлекеттік сатып алу
8	Жер инспекциясы
9	Басқалары _____

4. Сіздің елді мекеніңіздегі әкімдік жұмысының тиімділігін бағалаңыз

Көмегі жоқ, тек зияны бар	Көмегі де, зияны да жоқ	Аздап көмектеседі	Кейде көмектеседі	Үлкен көмек көрсетеді	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

5. Сіздің елді мекен әкімдігінің неғұрлым тиімсіз басқармаларын атаңыз?

1	Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық дамыту
2	Жер қатынастары
3	Сәулет және қала құрылысы
4	Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
5	Еңбек инспекциясы
6	Ауыл шаруашылығы
7	Мемлекеттік сатып алу
8	Жер инспекциясы
9	Туризм мәселелері бойынша
10	Басқалары _____

6. Сіздің елді мекен әкімдігінің өз проблемаларыңызды талқылау үшін қаншалықты ашық екендігін, яғни Сіздің онлайн режимде немесе тікелей қабылдау арқылы жүгінген сұрау салуларыңыз бен қажеттіліктеріңізге қалай ден қоятынын бағалаңыз?

Әкімдік проблемаларды талқылау үшін жабық және менің сұрау салуларыма жауап бермейді	Әкімдік талқылау және шешу үшін негізінен жабық	Әкімдік проблемаларды талқылау үшін жартылай ашық, менің проблемаларымды шешу үшін көбінесе күш салмайды	Әкімдік проблемаларды талқылау үшін ашық, бірақ менің проблемаларымды шешу үшін әрдайым күш сала бермейді	Әкімдік проблемаларды талқылау үшін ашық және менің проблемаларымды шешу үшін көп күш салады	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

7. Жүргізіліп жатқан заңнама реформаларына (өзгерістерге), Сіздің өңірдің әкімдіктері мен бақылау-қадағалау органдарының шешімдеріне қаншалықты әсер ете алатыныңызды бағалаңыз?

--	--	--	--	--	--

Пайдасы болмағандықтан, талқылауға қатысуға мүмкіндік пен ниет жоқ	Біздің өңірде ондай мүмкіндік жоқ	Құқығымыз бар, бірақ кері байланыс жоқ	Құқығымыз бар, бірақ кері байланыс нашар	Құқығымыз бар, кері байланыс тиімді	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

8. Соңғы 12 айда әкімдік пен бақылау-қадағалау органдардың өкілдері бизнес ахуалды жақсарту үшін заңнама реформаларын (өзгерістерді) түсіндіру жұмыстарын қаншалықты жиі өткізеді?

Өткізбейді	Өте сирек	Кезең-кезеңмен	Әрдайым	Тұрақты және алдын ала хабарлайды	Білмеймін
1	2	3	4	5	0

9. Сіздің өңірдегі мемлекеттік органдардың өкілдерімен қарым-қатынас орнатудың бейресми тәсілдерін немесе сыбайлас жемқорлықтың таралу деңгейін бағалаңыз?

Әрқашан	Өте жиі	Жиі	Сирек	Жемқорлық жоқ
1	2	3	4	5

2-тарау. Қаржыландыруға қолжетімділік

10. Соңғы 12 айдағы бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдауды ("Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы (бұдан әрі – БЖК 2020) ауыл шаруашылығы жөніндегі бағдарлама және басқалары шеңберінде) бес балдық шәкілмен бағалаңыз, мұнда 5 - ең жоғары оң баға.

10.1. Қатысуға қолжетімділік

Қатысқан жоқпын	Қолжетімсіз, тіпті талаптарға сәйкес келсем де менің кандидатурам қаралған жоқ	Қолжетімсіз, мен талаптарға сәйкес келемін, бірақ менің мәселелерімді оң шешу үшін байланыстар немесе қосымша ресурстар қажет	Қолжетімсіз, талаптар бойынша мен сәйкес келгеніммен, қатысушыларға қойылатын талаптар өте жоғары	Қолжетімді, бірақ мен көп уақыт жұмсадым	Толығымен қолжетімді
0	1	2	3	4	5

10.2. Рәсімдер (құжаттарды жинау, қарау және шешім қабылдау мерзімі)

Қатысқан жоқпын	Рәсімдер өте қиын (құжаттарды жинау бойынша және мерзімдері бойынша қиындықтар)	Рәсімдер қиын (құжаттарды жинау бойынша не мерзімдері бойынша қиындықтар)	Рәсімдер қиындығы орташа деңгейде	Рәсімдер қиын емес, бірақ болмашы ерекшелігі болды	Рәсімдер жеңіл
0	1	2	3	4	5

10.3. Көрсетілетін қызметтің сапасы

Қатысқан жоқпын	Қызмет көрсету өте төмен деңгейде, қызметкерлердің өздері бағдарламалардың көптеген детальдарын	Қызмет көрсету төмен деңгейде, бастапқы кезеңдерде	Қызмет көрсету орташа деңгейде, кадрлардың құзыреттілігі	Қызмет көрсету жақсы деңгейде, бірақ кейде басында	Қызмет көрсету жоғары деңгейде, барлығын
-----------------	---	--	--	--	--

	білмейді, мен барлығын түсіну үшін көп уақыт жұмсадым	хабарланбаған түсініксіз сәттер жиі туындады	одан да жақсы болуы мүмкін еді	хабарламаған түсініксіз сәттер туындады	анық және айқын түсіндірді
0	1	2	3	4	5

11. Соңғы 12 айдағы бизнесті қаржылай емес мемлекеттік қолдауды (оқыту бағдарламалары, бизнес-жоспарларды дайындауға көмек, консультациялар) бес балдық шәкіл бойынша бағалаңыз, мұнда 5 – ең жоғары оң баға.

11.1. Қатысуға қолжетімділік

Қатысқан жоқпын	Қолжетімсіз, тіпті талаптарға сәйкес келсем де, менің кандидатурам қаралған жоқ	Қолжетімсіз, мен талаптарға сәйкес келемін, бірақ оң шешім шығару үшін байланыстар немесе қосымша ресурстар қажет	Қолжетімсіз, талаптар бойынша мен сәйкес келгеніммен, қатысушыларға қойылатын талаптар өте жоғары	Қолжетімді, бірақ мен көп уақыт жұмсадым	Толығымен қолжетімді
0	1	2	3	4	5

11.2. Рәсімдер (құжаттарды жинау, қарау және шешім қабылдау мерзімі)

Қатысқан жоқпын	Рәсімдер өте қиын (құжаттарды жинау бойынша және мерзімдері бойынша қиындықтар)	Рәсімдер қиын (құжаттарды жинау бойынша не мерзімдері бойынша қиындықтар)	Рәсімдер қиындығы орташа деңгейде	Рәсімдер қиын емес, бірақ аз ғана өзгешеліктер болды	Рәсімдер жеңіл
0	1	2	3	4	5

11.3. Алатын білімнің сапасы

Қатысқан жоқпын	Оқыту бағдарламасы қызық емес және пайдасыз болды, оған қоса оқытатын персонал мүлде құзыретсіз	Оқыту бағдарламасы қызық емес және пайдасыз болды	Оқыту бағдарламасы қызықты болды, бірақ бизнесте ол қолданылмайды	Оқыту бағдарламасы қызықты, бірақ бизнесте ол білім ішінара қолданылады	Өзімнің бизнесімді дамыту үшін өте пайдалы білім алдым, барлығын түсінікті етіп түсіндірді
0	1	2	3	4	5

3-тарау. Тексеру және бақылау

12. Мемлекеттік органдар Сіздің бизнесіңізді қаншалықты жиі тексереді?

Жиі, жұмысқа кедергі келтіреді	Сирек, бірақ жұмысқа кедергі келтіреді	Жиі, жұмысқа кедергі келтірмейді	Өте сирек, жұмысқа кедергі келтірмейді	Тексермейді	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

13. Қай мемлекеттік органдар Сіздің бизнесіңізді жиі тексереді?

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

4-тарау. Адами капитал

14. Сіздің елді мекенде жақсы жұмыскерлерді табу қаншалықты қиын? Қажетті персоналдың болуына байланысты жағдайды 5 балдық шәкіл бойынша бағалаңыз, мұнда 1 - теріс бағалау (қиындықтардың, проблемалардың болуы), 5 - ең жоғары оң баға

		1	2	3	4	5	Кездестірген жоқпын
1. Білікті қызметкерлер көрсететін қызметтер құны	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы 0
2. Білім беру мен кадрлар даярлаудың жалпы деңгейі	Төмен	1	2	3	4	5	Қолайлы 0
3. Маскүнемдік пен нашақорлық проблемасы	Ж и і кездеседі	1	2	3	4	5	Кездеспейді 0
4. Техникалық мамандықтардың білікті жұмыскерлері (инженерлер, агрономдар, зоотехниктер, IT және басқа да техникалық мамандар)	Табу қиын	1	2	3	4	5	Табу оңай 0
5. Өндірістік емес бөлімшелердің білікті мамандары (экономистер, заңгерлер, бухгалтерлер, менеджерлер)	Табу қиын	1	2	3	4	5	Табу оңай 0
6. Техникалық мамандықтардың біліктілігі орташа жұмыскерлері (механизаторлар, дәнекерлеушілер, монтажшылар, тракторшылар, жүргізушілер)	Табу қиын	1	2	3	4	5	Табу оңай 0
7. Қайта оқыту және қосымша даярлау	Т а л а п етіледі						Міндетті емес 0
8. Білікті кадрлар жұмыстан шығуда, басқа жұмыс табуда немесе көшіп кетуде	Тұрақтамауы жоғары	1	2	3	4	5	Тұрақтылық 0

15. Сіздің елді мекендегі қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру мүмкіндігін 5 балдық шәкіл бойынша бағалаңыз

Мүмкіндіктер жоқ	1	2	3	4	5	Мүмкіндіктері жақсы
------------------	---	---	---	---	---	---------------------

16. Сіздің өңірде бар техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі-ТЖКБ) ұйымдары Сіздің бизнесіңіз үшін қаншалықты жеткілікті?

Жеткіліксіз	1	2	3	4	5	Жеткілікті
-------------	---	---	---	---	---	------------

17. Сіздің өңірдің ТЖКБ ұйымдары түлектерінің сапасын бағалаңыз:

Дайындығы нашар	1	2	3	4	5	Дайындығы өте жақсы
-----------------	---	---	---	---	---	---------------------

5-тарау. Инфрақұрылым

18. Сіз өңіріңіздегі бизнесті дамыту үшін мамандандырылған алаңдардың (бизнес-инкубаторлар, индустриялық аймақтар, кәсіпкерлерді қолдау орталықтары мен кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары) болуын және пайдаланылуын қалай бағалайсыз?

Мұндай алаңдар жоқ	Алаңдар бар, бірақ жұмыс істемейді	Алаңдар бар, бірақ олар мені қызықтырмайды	Алаңдар бар, бірақ жұмысы тиімсіз	Бәрі өте жақсы жұмыс істейді, пайдасы бар	Білмеймін не маған қажеті жоқ
1	2	3	4	5	0

19. Сіз өңіріңіздегі бизнесті дамытуға арналған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның (бұдан әрі – ӘКК) қолжетімділігі мен пайдаланылуын қалай бағалайсыз?

Өңірде жоқ	ӘКК бар, бірақ жұмыс істемейді	ӘКК бар, бірақ ол м е н і қызықтырмайды	ӘКК бар, бірақ жұмысы тиімсіз	ӘКК өте жақсы жұмыс істейді, пайдасы бар	Білмеймін не маған қажеті жоқ
1	2	3	4	5	0

20. Соңғы жылдары Сіздің бизнесіңіздің қызметіне мемлекеттік органдардан лицензиялар мен рұқсаттар алуды соңғы 12 ай бойынша 5 балдық шәкіл бойынша бағалаңыз

Алу мүмкін емес	Алу өте қиын, тиесілі мөлшерден артық төлеу қажет	Алу қиын, рәсімдер көбірек және күту уақыты регламенттегіден әлдеқайда ұзағырақ	Алуға болады, бірақ рәсімдер сәл артығырақ немесе күту уақыты регламенттегіден сәл ұзағырақ	Алу қиын емес	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

21. Табиғи монополиялар субъектілерінен Сіздің бизнесіңіздің қызметі үшін соңғы 12 айда рұқсаттар алуды 5 балдық шәкіл бойынша бағалаңыз

Алу мүмкін емес	Алу өте қиын, тиесілі мөлшерден артық төлеу қажет	Алу қиын, рәсімдер көбірек және күту уақыты регламенттегіден әлдеқайда ұзағырақ	Алуға болады, бірақ рәсімдер сәл артығырақ немесе күту уақыты регламенттегіден сәл ұзағырақ	Алу қиын емес	Кездестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

22. Соңғы 12 айда құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын жүргізгенге дейін және жүргізу кезінде Сізге не қиындық туындатты? Дайындық кезеңдерін 5 балдық шәкіл бойынша бағалаңыз, мұнда 5 - ең жоғары оң нәтиже, 1 - теріс (қиындықтардың, проблемалардың болуы)

		1	2	3	4	5	Оңай	Кездестірген жоқпын
1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын алу немесе өзгерту	Қиын	1	2	3	4	5	Оңай	0
2. Инженерлік желілерді қосу үшін сәулет-жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) және техникалық шарттарын алу	Қиын	1	2	3	4	5	Оңай	0
3. Техникалық паспортты алу рәсімі	Қиын	1	2	3	4	5	Оңай	0
4. Объектіге құқықты тіркеу рәсімі	Қиын	1	2	3	4	5	Оңай	0

23. Құрылыс процесінде мемлекеттік органдар тарапынан тексерулердің (инспекциялардың) жиілігін бағалаңыз:

Жиі, бірақ кедергі келтіреді	Сирек, бірақ кедергі келтіреді	Жиі, кедергі келтірмейді	Өте сирек, кедергі келтірмейді	Тексермейді
1	2	3	4	5

24. Объектіні инфрақұрылымдық желілерге қосудың қаржылық шығыны қандай болды?

	Қосылу құны	Кездестірген жоқпын

1. Электр желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
2. Су құбырына қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
3. Кәріз жүйесіне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
4. Байланыс желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
5. Жылумен жабдықтауға қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
6. Қоқысты шығару шарты	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
Инфрақұрылымға инвестициялар								
1. Электр желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
2. Су құбырына қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
3. Кәріз жүйесіне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
4. Байланыс желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
5. Жылумен жабдықтауға қосылу	Жоғары						Төмен	
6. Қоқысты шығару шарты	Жоғары						Төмен	0
Бейресми төлемдер								
1. Электр желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
2. Су құбырына қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
3. Кәріз жүйесіне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
4. Байланыс желілеріне қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
6. Жылумен жабдықтауға қосылу	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0
6. Қоқысты шығару шарты	Жоғары	1	2	3	4	5	Төмен	0

25. Коммуналдық қызметтер жұмысының сапасын және олардың тарифтерін бағалаңыз:

1. Электр тұрақты кернеумен беріледі	Іркіліспен	1	2	3	4	5	Іркіліссіз	Кездестірген жоқпын
2. Су беріледі	Іркіліспен		2	3	4	5	Іркіліссіз	0
3. Байланыс қамтамасыз етіледі	Іркіліспен	1	2	3	4	5	Іркіліссіз	0
4. Жылу беріледі	Іркіліспен	1	2	3	4	5	Іркіліссіз	0
5. Қоқыс шығару	Шығарылмайды	1	2	3	4	5	Үнемі	0
6. Электр энергиясының бағасы	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы	0
7. Су арнасы қызметінің бағасы	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы	0
8. Байланыс қызметінің бағасы	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы	0
9. Жылумен жабдықтау бағасы	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы	0
10. Коммуналдық қызмет көрсетудің бағасы	Жоғары	1	2	3	4	5	Қолайлы	0

26. Көлік инфрақұрылымының сапасы мен қолжетімділігін бағалаңыз:

							Кездестірген жоқпын
Автомобиль жолдарының сапасы	Өте жаман	1	2	3	4	Жоғары	0
Автотасымал тарифтері	Өте жоғары	1	2	3	4	Төмен	0
Теміржол тасымалдау тарифтері	Өте жоғары	1	2	3	4	Төмен	0
Әуе тасымалы тарифтері	Өте жоғары	1	2	3	4	Төмен	0

6-тарау. Бизнесті қорғау

27. Сіздің елді мекендегі сот жүйесіне деген сенім деңгейін бағалаңыз:

Деңгейі өте төмен	Деңгейі төмен	Деңгейі орташа	Ортадан жоғары	Сенім деңгейі жоғары	Кесдестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

28. Сіздің облыстың/қаланың (Астана, Алматы және Шымкент) сот жүйесіне деген сенім деңгейін бағалаңыз

Деңгейі өте төмен	Деңгейі төмен	Деңгейі орташа	Ортадан жоғары	Сенім деңгейі жоғары	Кесдестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

29. Сіздің елді мекеніңіздің құқық қорғау органдарына (Ішкі істер министірлігі, Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдары), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-ұлттық бюросы), Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің экономикалық тергеу қызметіне деген сенім деңгейін бағалаңыз:

Деңгейі өте төмен	Деңгейі төмен	Деңгейі орташа	Ортадан жоғары	Сенім деңгейі жоғары	Кесдестірген жоқпын
1	2	3	4	5	0

30. Сіздің елді мекендегі кәсіпкерлік қызметке араласу (рейдерлік) деңгейін бағалаңыз

	Жоғары	1	2	3	4	Өте төмен	Кесдестірген жоқпын
Жергілікті атқарушы органдар	Жоғары	1	2	3	4	Өте төмен	
Құқық қорғау органдары	Жоғары	1	2	3	4	Өте төмен	
Бизнес өкілдері және өзгелер	Жоғары	1	2	3	4	Өте төмен	

Респонденттің аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі: _____

Респонденттердің байланыс деректері: +7 _____

Интервьюердің аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі: _____

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2018 жылғы 14 қыркүйектегі
 № 16 бұйрығына
 3-қосымша
 Бизнесі жүргізу жеңілдігі
 бойынша өңірлер мен қалалар
 рейтингісін жүргізу жөніндегі
 әдістемеге 3-қосымша

Облыстар және Астана, Алматы және Шымкент қалаларына арналған статистикалық көрсеткіштерді таратып жазу

Облыстар және Астана, Алматы және Шымкент қалаларына						
--	--	--	--	--	--	--

№	арналған статистикалық көрсеткіштер	Дереккөздер	Ескертпе
1.	шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілерінен түсетін салық аударымдары көлемінің базалық жылға (2015) қарағандағы өсу индексі	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – ҚР Қаржымині МКК)	
2.	есепті жылдағы шағын, орта кәсіпорындардың негізгі капиталға салатын инвестицияларының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ Статистика комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ СК)	
3.	есепті кезеңдегі шикізаттық емес сектор кәсіпорындарының негізгі капиталға салатын сыртқы инвестицияларының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ СК	
4.	ШОК субъектілерін қолдауға жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат көлемінің өсу қарқыны	Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО)	Бұл көрсеткіште ШОК-ты жергілікті бюджет есебінен қолдаудың жергілікті бағдарламалары шеңберінде кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау қарастырылады.
5.	есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК-та жұмыспен қамтылғандар санының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ СК	
	есепті кезеңдегі ШОК субъектілерінің өнім		

6.	шығару көлемінің нақты мәнінің өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ СК	
7.	есепті кезеңдегі жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері санының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ СК	
8.	заңды тұлғалар үшін мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесінің өсу қарқыны	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Бұл көрсеткіште ЖАО заңды тұлғаларға ұсынатын қызметтері қарастырылады.
9.	жұмыс істеп тұрған 1000 ШОК субъектісіне келетін тексерулер санының өсу қарқыны	Қазақстан Республикасының Б а с Прокуратурасы (бұдан әрі – ҚР БП)	Бұл көрсеткіште ШОК субъектілеріне қатысты тексерулер тағайындау туралы ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – ҚР БП ҚСЖАЕК) тіркелген актілер қарастырылады
10.	ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша 1000 ШОК-қа келетін жеңіп шыққан сот істері санының өсу қарқыны	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты (бұдан әрі – ҚР ЖС)	Бұл көрсеткіш шеңберінде келесі істер қаралады: 1) мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқарудың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу; 2) мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың сақталуын тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органдардың әрекеттеріне, тексеру актілеріне шағымдану; 3) мемлекеттік мекемелердің қатысуымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар, азаматтар а р а с ы н д а ғ ы да у л а р ; 4) лицензиялық қызметке байланысты даулар; 5) заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің қызметін (заңды тұлғалардың салық органдарына талап-арызы және заңды тұлғаны тарату (дара кәсіпкердің қызметін тоқтату) туралы) тоқтата тұру туралы.

11	ШОК өндірісі көлеміне келетін республикалық бюджеттің есебінен ШОК-ты мемлекеттік қолдау көлемінің өсу қарқыны	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Даму" ҚДҚ АҚ), ЖАО	Бұл көрсеткіште Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) шеңберіндегі мемлекеттік қолдау, "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі – БЖК-2020), "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының жалпы сипаттағы трансферттері, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды қолдау және республикалық бюджет есебінен "Kazakh Export" және "Kazakh Invest" акционерлік қоғамдары арқылы ШОК субъектілері алатын мемлекеттік қолдау қарастырылады.
12	1000 ШОК-қа келетін мемлекеттік көмек алған жобалар санының (гранттар, кепілдіктер, кредиттер, субсидиялар, инфрақұрылым шығындары) өсу қарқыны	"Даму" ҚДҚ АҚ, ЖАО	БЖК-2020, "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 арналған бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлер саны, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды қолдау және республикалық бюджет есебінен "Kazakh Export" және "Kazakh Invest" акционерлік қоғамдары арқылы ШОК субъектілері алатын мемлекеттік қолдау қарастырылады.
13	техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (педагогикалық білім беруді қоспағанда) түлектері санының өсу қарқыны	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, ЖАО	

Аудандарға арналған статистикалық көрсеткіштерді таратып жазу

№	Аудандарға арналған статистикалық деректер	Дереккөздер	Ескертпе
1.	ШОК субъектілерінен түсетін салық аударымдары көлемінің базалық жылға (2015) карағандағы өсу индексі	Қ Р Қаржымині МКК	
2.	есепті кезеңдегі ШОК-тың жұмыс істеп тұрған субъектілер санының өткен жылмен салыстырғандағы пайыздық өсу қарқыны	ҚР ҰЭМ СК	
3.	100 жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектісіне келетін тексерулер саны	ҚР БП	Бұл көрсеткіште кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер тағайындау туралы ҚР БП ҚСЖАЕК-де тіркелген актілер қаралады
			Бұл көрсеткіш шеңберінде келесі істер қ а р а л а д ы : 1) мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқарудың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту

4.	ШОК-тың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқаруға, қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға, лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілерге талап-арыздары бойынша 100 ШОК-қа келетін жеңіп шыққан сот істерінің саны	ҚР ЖС	<p>туралы істер бойынша іс жүргізу;</p> <p>2) мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың сақталуын тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органдардың әрекеттеріне, тексеру актілеріне шағымдану;</p> <p>3) мемлекеттік мекемелердің қатысуымен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар, азаматтар арасындағы д а у л а р ;</p> <p>4) лицензиялық қызметке байланысты д а у л а р ;</p> <p>5) заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қызметін (заңды тұлғалардың салық органдарына талап-арыздары және заңды тұлғаны тарату (дара кәсіпкердің қызметін тоқтату) туралы) тоқтата тұру туралы.</p>
----	---	-------	--